

ӘОЖ 81-13

Г. К. Қожабекова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің II курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессоры Г. Н. Смағұлова
e-mail: gulnaz_90.90@mail.ru

Аксиологиялық лингвистикалық талдаудың аспектілері

Мақалада лингвистикалық аксиологиялық аспектілер баяндалады. Тіл біліміндегі құндылықтарды лингвистикалық аксиология қарастырады. Зерттеу парадигмасында аксиологиялық талдаудың басты ұғымдарына: бағалау, баға, құндылық, құндылықты мағына, құндылықты бағдарлау жатады. Осы мақалада құндылықтар классификациясы мен бағалауға түсінік беріледі. Жоспарлы негізде аксиологиялық талдау жүргізіліп, тіл білімі саласында маңызы бар тұжырым ретінде алынады.

Жалпы аксиологиядан біз тілге қатысты «лингвистикалық аксиологияны» қарастырамыз. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасы бізге тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Адам – Тіл – Әлем» жүйесінде адам және қоғам болмысы қалыптасуының негізгі мағыналары арқылы көрініс табуы назарға алынады. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын зерттеу.

Түйін сөздер: аксиология, құндылық, бағалау, дискурс.

Г. К. Кожабекова

Аспекты аксиологического лингвистического анализа

В статье рассматриваются аспекты лингвистического аксиологического анализа. Ценности в языкознании рассматривает лингвистическая аксиология. Ключевыми для аксиологического анализа являются понятия, в своей взаимообусловленности образующие данную исследовательскую парадигму: оценивание, оценка, ценность, ценностная ориентация, ценностный смысл. Избранное нами направление определяется стремлением последовательно трактовать рассматриваемые языковые единицы с позиций аксиологического анализа.

Из многосоставной общей аксиологии возможно выделение ее лингвистической составляющей, «лингвистической аксиологии». В этой связи, при обозначении соотношения аксиологии и лингвистики представляется целесообразным вести речь об аксиологически ориентированной лингвистике, что коррелирует с понятием «аксиологическое измерение языка». А также, в системе «Человек - Язык - Мир» человек и общество формируются через основные смыслы. Цель данного направления – выявить технологию и способ усвоения языкового внутреннего мира личности.

Ключевые слова: аксиология, ценность, оценка, дискурс.

G. K. Kozhabekova

Aspects of the axiological linguistic analysis

In article aspects of the linguistic axiological analysis are considered. Values in linguistics are considered by a linguistic axiology. For the axiological analysis concepts, in the interconditionality forming this research paradigm are key: estimation, assessment, value, valuable orientation, valuable sense. The chosen direction is defined by aspiration to treat consistently the considered language units from positions of the axiological analysis.

From a polysynthetic general axiology allocation of its linguistic component, "a linguistic axiology" is possible. In this regard, at designation of a ratio of an axiology and linguistics it is advisable to talk about axiological focused linguistics that correlates axiological measurement of language with concept. And also, in The Person — Language — the World system of people and society are formed through the main meanings. The purpose of this direction – to reveal technology and a way of assimilation of a language inner world of the personality.

Key words: axiology, value, assessment, discourse.

Адам өмірінде құндылықтар табиғи, мәдени, танымдық, этикалық, эстетикалық және т.б. болып келеді. Сондай-ақ, тіл жүйесіндегі - лингвистикалық құндылықтар да болады. Тіл

арқылы сөйлеуші адам құндылықтар әлемінде өз орнын тауып, басқа да субъектілермен байланыс орнатады. Құндылықтар өзара байланыста болып, құрылымдық жүйе құрады. Құн-

дылықтарды біз негізгі және қосымша деп екі үлкен топқа бөліп қарастыратын болсақ, онда негізгі құндылықтар адам үшін ең маңызды, тіпті ол үшін өз өмірін де қиюға дайын болатын құндылық болып табылады. Осыған орай лингвистикалық аксиология мына жүйеде қызмет етеді: «Адам – Тіл – Қоғам – Мәдениет – Әлем». Бұл жүйе әлеуметтік маңызды әлем құрып, бір жағынан тілде қолданылса, екінші жағынан сөйлеу актісінде дискурстық бірліктер немесе мәтін арқылы адамдар қарым-қатынасын білдіреді.

Жалпы аксиологиядан біз тілге қатысты «лингвистикалық аксиологияны» қарастырамыз. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасы бізге тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Адам – Тіл – Әлем» жүйесінде адам және қоғам болмысы қалыптасуының негізгі мағыналар арқылы көрініс табуы назарға алынады. Бұл бағыттың мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын зерттеу.

Тілді зерттейтін ғылым үшін әлеуметтік бағыттың алатын орны ерекше. Бұл туралы зерттеуші Е.Д. Поливанов былай дейді: «Тіл білімі өзінің зерттеу объектісіне тікелей қатысты болуы үшін, ол әлеуметтік ғылым болуы керек» [1, 178]. Яғни, тілді зерттеуде біз әлеуметтік ортаны, қоғамды, басты объект ретінде қарастырамыз. Тілді әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде тіл тарихи-әлеуметтік факт ретінде қарастырылады; тілді бағалау арқылы аксиологиялық талдау қарым-қатынас құралы болады; әлеуметтік-экономикалық және тілдік құбылыстардың өзара байланысын анықтау назарға алынады. Тілді әлеуметтік бағытта зерттеу кезінде тіл мен әлеуметтік факторлардың байланысы ғана емес, сонымен бірге тілде әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік ұстанымдар, тұлғааралық қарым-қатынас кезіндегі әлеуметтік аспект, тіл мен әлеуметтік өмірдің семиотикалық және прагматикалық аспектілерде бір-біріне ықпал етуі секілді ұғымдардың көрініс табуы басты орынға шығады. Әлеуметтік лингвистиканың тілді зерттеуде, мәтінде немесе дискурста тілді қолданушының қоғамда алатын орны мен дәрежесі ескеріледі. Тілдесушілердің сөздері арқылы дискурсты талдауда қоғамдағы жағдайды бағалау жүзеге асады.

Құндылықтарды зерттейтін саланы аксиология деп атайды. Аксиология (грек, *axios* — құнды, *logos* — ілім) – құндылықтардың та-

биғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Мәдениеттануда құндылықтар мәселесі ерекше орын алады, өйткені мәдениет адамзат жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік кең тараған. Құндылықтардың болмыстық жалпы мәнін ашуға бағытталған аксиологияның философиялық қырынан, оның мәдениеттанулық өлшемі өзгеше болып келеді. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапты.

Әлеуметтік және аксиологиялық тіл білімінің тілдік талдау жүргізуде операциялдық аспектісі маңызды орында тұр. Ю.С. Степановтың көрсетуі бойынша: «Дискурс – ерекше идеология, ерекше менталдылық үшін тілді ерекше қолдану; тілді ерекше қолдану ерекше грамматика мен лексиканың ерекше ережелерінің пайда болуына әкеледі» [2, 38].

Соңғы жылдардағы бағалаушылық және әлеуметтік зерттеулер қоғамдық-саяси дискурста өзгерістер болғанын көрсетті. Бұл өзгерістер төменде берілген семантикалық жүйелерде көрініс тапты:

- *семантикалық деривация* – концепт құрылымында жаңа базалық қабаттардың пайда болуы;
- *мағыналы модификация* – когнитивті қабаттың құрамында белгілердің қайта құрылуы;
- *концептінің мағыналы құрылымының өзгеруі* – сөз құрамының өзгеруі;
- *сөз өзгерісі* – концептуалды мағынаның эволюциясы, мағынаның әлсіреуі, жоғалуы;
- *концептінің мағыналы құрылымының деидеологиялануы*;
- *неологизмдер семантикасының идеологиялануы* – әлеуметтік ортаға байланысты [3, 110].

Тіл концептосферасындағы өзгерістер алғашында жеке адам санасында, содан соң қоғам санасында көрініс табады.

Әлеуметтік қарым-қатынаста операциялдық аспектін құнды негіздемелердің құрылу шарттарына сәйкес жаңа идеялардың пайда болуына әсер етті. Бұл концептуалды аксиологиялық ортада жақсы мәтіннің, шығарманың тууына негіз болады.

Дискурс қоғам пікірінде әлеуметтік маңызы зор мағыналы сөздердің шындық ортасын құрайды. Жаңа мағына әлемі жеке пікір арқылы

туындайды. Мағына әлемі адамның қалауына, қажеттілігіне қарай өзгеріске ұшырайды. Мағына әлемі бір бағытты емес, сондықтан ол мағынаның арнайы қарым-қатынас тіл бірліктерін қолдануын қажет етеді.

Лингвистикалық аксиология әлеуметтік маңызы бар құнды қатынастарды бағалау әдісімен мәдениетте, уақыт пен кеңістікте зерттеуге негізделген. Лингвистикалық талдау тілдік құрылымдар мен жүйелерді талдауға бағытталған баяндау-мінездеу, ой ұшқырлығына негізделген тіл мен сөйлеу әрекетінің, сонымен қатар философияда, мәдениеттануда, семиологияда, әлеуметтік психологияда ерекше бағалау мағынасында жұмсалатын сөздермен берілген концептілерді талдауға құрылған. Осындай лингвистикалық аксиологиялық талдау міндетті түрде мағыналарды бағалаушылық тұрғыдан зерттеуге бағытталған болуы керек.

Н.Д. Арютюнованың пікірі бойынша бағалау – бұл когнитивті акт, соған сәйкес адамның өмірі мен қызметінде алатын орнын анықтау үшін субъектінің бағаланатын объектіге қатынасы белгіленеді[4, 124]. Осы орайда мәтіннің екі түрі анықталады: жалпыға ортақ пікірге негізделген мәтін мен жеке пікірді білдіретін мәтін. Жеке пікірді білдіретін мәтіндерде, «аксиологемалар», адамның ойын білдіретін құнды сөздер қолданылады. «Аксиологема» терминімен дискурсті әлемдегі бағалау ұғымын білдіретін кез-келген тілдік бірліктерді атауға болады. Бұл, ең алдымен, бағалаушылық пікірлер, тұрақты сөз тіркестері, біліктілікті білдіретін атаушылық сөздер.

Зерттеу парадигмасында аксиологиялық талдаудың басты ұғымдарына: бағалау, баға, құндылық, құндылықты мағына, құндылықты бағдарлау жатады.

Терминдер жасау тарихында мағыналылығы жағынан алғашқы орынға «құндылық» ұғымы шығады. «Құндылық» ұғымын философиялық категория ретінде қарастыруды Г. Лотце философиясымен байланыстыру қалыптасқан. «Құндылықтарды анықтау» шынайы болуы қажет нәрсеге жатады, яғни, бар болу әлеміне. Құндылықтарды одан ары дамытуда Г. Лотце енгізген «мағыналылық» ұғымын қарастыру маңызды болды.

Жалпы алғанда адамзат құндылықтарды оған деген құштарлық, оны тануға деген ынта мен оны құрметтеу немесе керісінше әрекет деп түсінеді. Бұл тұрғыдан алғанда құндылықтар - жалпыға ортақ мақсат, оған жету жолдары мен бастапқы нормалар қызметін атқа-

рады. Қандай да бір заттың бар болуы шынайы құндылық ретінде интеллектуалды қатынасты емес, эмоциялық қарым-қатынасты білдіруі маңызды болып отыр. «Эмоциялық қатынастар: сезім, махаббат, жек көру, толқу, ұнату. Бұлар ой жүйесіне тәуелсіз этиканы анықтау құралдары»[5, 547].

«Құндылық» сөзінің генезисінде үш мағынаның бірігуі бар: 1) құндылықтық қатынас объектісі ретінде қолданылатын заттар (феномендер) құрамы; 2) осы қатынастың субъектісі болатын адамдардың психологиялық қасиеттері; 3) адамдар арасындағы қарым-қатынас, бұл арқылы құндылықтар ортақ мәнділікке ие болады. Құндылық ұғымының мәні мынада: құндылық болып белгілі бір нәрсеге деген қызығушылық, тілек, сондай-ақ, адам үшін, оның мақсаттары үшін маңызды объект танылады. Құндылық пен мақсаттың арақатынасы мынада: «Генетикалық тұрғыдан құндылықтар мақсаттан туындайды. Ал мақсаттардың жүзеге асуы құндылықтарға қатысты болады»[6, 216].

Позитивті құндылық (жақсылық) – бұл объектінің ол жайлы ойына сәйкестілік. Г.П. Выжлецов құндылықты субъектаралық қатынас деп таныса, М.С. Каган субъект пен объект қарым-қатынасы жүйесінде құндылықтық қатынастың болатынын жазады[7, 205]. Құндылықтар: а) адамдардың өз мақсаты мен мінез-құлқының нормалары ретінде; ә) фундаментальды нормалар қызметін атқаруда; б) мәдениет мәнін ашуда; в) адамдар әрекетінің қызығушылық және орындалу шартына әсері; г) қоғам мен жеке адам негізінде сипатталады. Осыған сәйкес мынадай қорытындыға келеміз: құндылықтар қоғам мен адамнан тыс өмір сүрмейді; адамға қатыссыз ешбір зат өздігінен құндылық болмайды; құндылықтар адамның қызметіне, әрекетіне байланыстықалыптасады. Осылайша адам мен құндылықтар өзара тығыз байланыста болады екен.

«Жалпылай бағалау» ұғымына сай кез келген объект жақсы немесе жаман бағалануы мүмкін. Яғни «құндылықтар» аксиологиялық статусында құндылықтарды анықтаудың 5 дәстүрлі аймағы қарастырылады:

- Шындық аймағы, бұл жерде құндылықтар «шынайы/жалған» терминдерімен анықталып, заттар мен құбылыстардың бар болуы мен олардың қасиеттерінің сапасына мән беріледі;

- Сұлулық аймағы – эстетикалық аймақ. Мұнда құндылықтар «әдемі/ұсқынсыз» терминдерімен анықталып, адам өзі тудырған немесе адамның сол заттар немесе құбылыстарға

байланысты туындаған ойларының бақылау әлеміндегі бағалау көрінісі;

- Этика аймағы, құндылықтар «жақсы/жаман, жақсылық/жамандық» терминдерімен анықталады. Адамның әлеуметтік ортада, қоғамда өзін-өзі ұстауы.

- Қанағаттану аймағы, «жағымды/жағымсыз» терминдерімен құндылықтар анықталады. Адамның адамдармен, заттармен, құбылыстармен қарым-қатынас кезінде жақсы сезімде болуы;

- Пайда аймағы, бұл прагматикалық аймақ. Құндылықтар «пайдалы/пайдасыз/зиянды» терминдерімен беріледі. Бағаланатын объектінің әкелетін пайдасы мен зиянды жақтары анықталады.

Жоғарыда келтіріліп отырған құндылықтар типологиясын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар құндылықтарды біз позитивті және негативті, жалпы және жалқы, субъектіге және объектіге қатысты деп бөлеміз. Мазмұны жағынан заттық, этикалық, эстетикалық және логикалық, жақсылық, сұлулық, шындық терминдеріне байланысты бөлеміз.

Өмір сүруіне қарай құндылықтар деректі және дерексіз; ортаға байланысты – әлеуметтік, мәдени, табиғи; адам өміріне қатысты – тұтыну құндылықтары және тұрмыстық болып бөлінеді. «Жалпы адамзаттық» құндылықтар мәдениеттің дамуын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ұлттық (ұлттық аксиосфера), саяси-әлеуметтік, индивидуалды жеке құндылықтар (жеке аксиосфера) бар. Антропология мен психологияда құндылықтар діни және эмоциялық факторларға байланысты позитивті, негативті, абсолютті деп бөлінеді. Мәдениетте маңыздылығына қарай бірінші орындағы, екінші орындағы, үшінші орындағы құндылықтар деп қарастырылады.

Ю.Г. Вешнинский өз еңбегінде құндылықтарды бір жүйеге келтіріп, мысал бере отырып 13 типке бөледі [8, 26]:

- мемлекеттік-саяси, әскери, азаматтық, құқықтық құндылықтар (күш, қауіпсіздік, заңдылық, әділеттілік, т.б.);

- тарихи-мәдени құндылықтар (уақыт байланысын беретін барлық құндылықтар, мәдени-тарихи естеліктер, салт-дәстүрлер, т.б.);

- қарым-қатынас құндылықтары (қоғам мен ұжымда құндылықтардың таралуы);

- экологиямен байланыстырылатын табиғи құндылықтар (таза ау, таза су, денсаулық, халықтың өмір сүру ұзақтығы, т.б.);

- ғылыми-танымдық құндылықтар (білім, ғылым, біліктілік, білім беру жүйесі, т.б.);

- жеке адам құндылықтары (адамның өзін қалыптастырудағы жеке құндылықтары);

- діни құндылықтар (Құран, мешіт, иман, шіркеу, символ, т.б.);

- әлеуметтік құндылықтар (халықтық, буржуаздық, интеллигенттік, париялық, т.б.);

- эстетикалық-көркем құндылықтар;

- аумақтық, жергілікті құндылықтар («Петербург жаны», «Арбат жаны», т.б.);

- экономикалық құндылықтар (шаруашылық білімдер, заттық орта, халық – байлық мағынасында);

- этикалық құндылықтар;

- ұлттық құндылықтар (тіл, фольклор, салт-дәстүр, т.б.).

Жүйелеу логикасына сүйенсек бұл тізімді басқа да құндылықтармен толықтыруға болар еді. Мәселен, қоғамның тұтыну құндылықтары (жаңа зат, сән, жайлылық, қол жетімділік, т.б.), ұжымдық құндылықтар, т.б.

Лингвистикалық аксиология үшін ең алдымен аксиологиялық парадигмадағы «бағалау» концептісін қарастыру маңызды. Бағалау – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. Бағалау, жалпы алғанда, әлемді тану. Өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау, тану тәжірибесі.

«Адамды қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік және басқа да шындықпен, адамдармен байланыстырып, құндылықтар әлеміне енгізетін бағалау болып табылады» - дейді Нечепуренко [9, 175].

Ал А.Н. Барановтың пайымдауынша бағалау когнитивті жүйе ретінде мына бөлімдерден тұрады:

- бағалау объектісін(зат) таңдау;
- бағалаудың негізін таңдау;
- зат пен оның белгілерін қарастыру;
- бағалау белгісінің мағынасын көрсету;
- бағаланып отырған заттың белгілерін көрсету;
- шешім қабылдауда бағалаудың қатысуы [10, 35].

Қазіргі таңда бағалаудың типологиясын дәл анықтап беру мүмкін емес, себебі бағалау жүйесі бағалаудың бағытына, бағалауды жүргізу әдісіне, және де адамның іс-әрекетіне байланысты. Шартты түрде бағалаудың мынадай түрлерін ажыратып көрсетуге болады:

Жалпы бағалау, белгілі бір объектінің жағымды немесе жағымсыз жағын көрсетеді.

Көзқарасты білдіретін бағалау, белгілі бір затты немесе құбылысты бағалау кезіндегі сөйлеушінің шынайы көзқарасын білдіру. Мұнда

пікірдің шындыққа жанасу-жанаспауы қыстырма сөздер арқылы беріледі (мүмкін, менің ойымша, сөзсіз, бұған қарағанда, т.б.).

Нақты бағалау, қайта тексеруге жатпайтын бағалау түрі. Бағалаушының дәлелдемелерге қарап, өз пікірін нақты беруі.

Шартты бағалау, қайта тексеріп, қайта бағалауға болатын қабылдау мәліметтеріне негізделген бағалау.

Жеке бағалау, бір адамның пікіріне негізделген бағалау.

Топтық бағалау, бірнеше адамның пікіріне негізделген бағалау.

Шексіз бағалау, ешқандай жүйеге негізделмей, ешқандай ережеге сүйенбей адамның қалауына қарай бағалау.

Дарынды бағалау, ойлау жүйесі мен білімді бағалау.

Жүйелі бағалау, бағалаушының бір жүйе бойынша бағалау түрі.

Дәрежелі бағалау, бағалаушының дәлелдемелерге қарап отырып, объектінің немесе субъектінің қай дәрежелі екенін анықтауы.

Көңіл-күйге байланысты бағалау, бағалау кезінде бағалаушының көңіл-күйін білдіреді (қуаныш, реніш, өкініш, қорқыныш, таңдану, т.б.).

Бағалау арқылы біз құндылықтарды танимыз. Баға беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз.

Құндылық ұғымымен байланысты аксиологиялық талдауларға негізінен философтар мен әлеуметтанушылар көп көңіл бөлген. Бірақ 1917 жылы шыққан «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде Бодуэн де Куртене: «Ойлау мен тілдік (лингвистикалық) ойлау жүйесінің тұрғысынан фонемалар өздігінен ешқандай мағына бермейді. Олар тек семасиологиялық және морфологиялық түсініктерді білдіретін тілдік элементтер құрамына кіргенде ғана тілдік құндылықтар болып қарастырылады». Бодуэн де Куртене жекелеген тілдік бірліктер: фонемалар мен морфемалардың құндылығына көңіл аударған. Аксиологиялық аспектіде фразеологизмдер сияқты маңызды тілдік бірліктер арқылы берілетін құндылықтарды талдау ерекше қызығушылық туғызады.

Әдебиеттер

- 1 Поливанов Е.Д. Круг очередных проблем современной лингвистики // Статьи по общему языкознанию / Е.Д. Поливанов. – М.: Наука, 1968. – С. 178.
- 2 Степанов Ю.С. Альтернативный мир. Дискурс. Факт и принцип Причинности // Язык и наука конца XX века. – М.: Гнозис, 1995. – С. 35–73.
- 3 Беляков, Серебренникова 2005; Стернин: цит. По Трошина 2008: 110–111.
- 4 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. – М.: Наука, 1988. – 124 с.
- 5 М. Шелер; цит. по: Краткая философская энциклопедия, 1994: 547
- 6 Ильин В.В. Аксиология. – М.: Изд-во МГУ, 2005. – 216 с.
- 7 Каган М.С. Философская теория ценности. – СПб.: ТОО ТК «Петрополис», 1999. – 205 с.
- 8 Вешнинский Ю.Г. Аксиология культурного пространства-времени (в границах постсоветского культурного пространства) // Мир психологии. – 2005. – № 4. – С. 226.
- 9 Нечепуренко Т.Л. Социокультурный компонент языковой личности как предпосылка развития системы оценки – М.: МГПУ, 2006. – С. 173–179.
- 10 Баранов А.Н. Аксиологические стратегии в структуре языка (паремиология и лексика) // Вопросы языкознания. – 1989. – № 3. – С. 35.

References

- 1 Polivanov E.D. Krug ocherednyh problem sovremennoy lingvistiki // Stat'i po obschemu yazykoznaniiyu / E.D. Polivanov. – M.: Nauka, 1968. – S. 178.
- 2 Stepanov Yu.S. Al'ternativnyj mir. Diskurs. Fakt i printsip Prichinnosti // Yazyk i nauka kontsa HH veka. – M.: Gnozis, 1995. – S. 35–73.
- 3 Belyakov, Serebrennikova 2005; Sternin: tsit. Po Troshina 2008: 110–111.
- 4 Arutyunova N.D. Tipy yazykovykh znacheniy: Otsenka. Sobytie. Fakt. – M.: Nauka, 1988. – 124 s.
- 5 M. Sheler; tsit. po: Kratkaya filosofskaya entsiklopediya, 1994: 547
- 6 Il'in V.V. Aksiologiya. – M.: Izd-vo MGU, 2005. – 216 s.
- 7 Kagan M.S. Filosofskaya teoriya tsennosti. – SPb.: TOO TK «Petropolis», 1999. – 205 s.
- 8 Veshninskiy Yu.G. Aksiologiya kul'turnogo prostranstva-vremeni (v granitsah postsovetskogo kul'turnogo prostranstva) // Mir psihologii. – 2005. – № 4. – S. 226.
- 9 Nepochurenko T.L. Sotsiokul'turnyj komponent yazykovoy lichnosti kak predposylka razvitiya sistemy otsenki – M.: MGPU, 2006. – S. 173–179.
- 10 Baranov A.N. Aksiologicheskie strategii v strukture yazyka (paremiologiya i leksika) // Voprosy yazykoznaniiya. – 1989. – № 3. – S. 35.